Ұйымдастырушы: 140440014725 «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» КММ
***Мекен-жайы**: 31010000, 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 1*

Тапсырыс беруші: «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры» КМҚК үшін 14821777-1 нөмірлі мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысты

ШАҒЫМ

«Idea Trade» ЖШС Estrela Trade ЖШС тарапынан жазылған еңбек ресурстарына қатысты шағымына байланысты келесіні мәлімдейді

Комиссия шешімімен хаттама негізінде «Idea Trade» ЖШС жеңімпаз деп танылған.

Idea Trade ЖШС ұсынған материалдық/еңбек ресурстары заң талаптарына сай. Материалдық ресурстар растаушы құжаттарымен қоса тіркелген. Еңбек ресурстарының біліктіліктері диплом және куәліктермен расталған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының 11-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына сәйкес:

*«Жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуда тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіден шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін **жеткілікті,** жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны бойынша **облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың шекараларындағы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелген** материалдық және еңбек ресурстарының болуын талап етуге құқылы».*

Әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелу тұрақты және уақытша іске асуы мүмкін. Конкурс бойынша жұмысты іске асыру мерзімі көрсетілген шекте жекелеген еңбек ресурстарының уақытша тіркеуде тұруы (31-12-2025) заң талаптарына сай.

Үкіметтің 30.09.2019 ж. № 726 Қаулысы бойынша, «тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамаларын беру» мемлекеттік қызметі 2019 жылғы 1 қарашадан бастап тоқтатылған. Е-Үкімет бірыңғай ақпараттық базасында азаматтың тұрақты тіркелген мекен-жайы шығатын бірден-бір анықтама бұл – денсаулық саласына қатысты анықтамалар (наркологиялық, туберкулез және/немесе психоневрологиялық тіркелім мәліметтері).

Бұл анықтамалар еңбек ресурстарының негізгі бөлігі үшін қоса тіркелген.

Сондай-ақ, заң талаптары қызметкерлердің уақытша тіркеуде болуына шектеу қоймайды. Жекелеген еңбек ресурстарының жұмысты іске асыру мерзімі көрсетілген шекте жекелеген еңбек ресурстарының уақытша тіркеуде тұруы (31-12-2025) құжаттары да қоса тіркелген.

Сондықтан, Estrela Trade ЖШС тарапынан жасалған шағым негізсіз.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, ағымдағы конкурс хаттамасын өзгеріссіз, Estrela Trade ЖШС тарапынан жасалған шағымды қараусыз қалдыруды сұраймыз.

Idea Trade ЖШС директоры **Қ.Ұзақ**

(электронды қолтаңбамен расталған)